



Ө. ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК
ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



- Академиялық
проректордың

Д.Т.Бердалиев
20 ж.

2024-2025 оқу жылында қабылданған
6В01301-«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау» білім
беру бағдарламасының
КӘСІПТІК ПРАКТИКА
БАҒДАРЛАМАСЫ

Шымкент, 2024

Кәсіптік практика бағдарламасы «6B01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы (Ғылыми кеңес № 11 хаттамасы, « 6 » 05 2024ж.) негізінде дайындалды.

Құрастырғандар: Т.П.Аюбаева

Бағдарлама «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының мәжілісінде талқыланды.
№ 1 хаттама, « 28 » 08 2024ж.

Кафедра меңгерушісі [Signature] А.Ж. Есназар

Факультет кеңесінде қаралып, бекітуге ұсынылды.
№ 1 хаттама, « 28 » 08 2024ж.

Тарих және педагогика факультетінің деканы [Signature] Г.Б. Таутаева

КЕЛІСІЛГЕН

«Talant» апгрейд бөлімінің басшысы

[Signature]

Коразбекова К.У.

№7 Қ.Сыпатаев атындағы ІТ мектеп-лицей директоры

[Signature]

Алмаханқызы Р.

З. Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицей директоры

[Signature]

Ж.Ж. Тойлыбаева

1. ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫНАН КӨШІРМЕ

Күндізгі

№	Практика түрі	Кредит саны	Курс	Семестр	Апта	Қорытынды	Ескерту
1.	Оқу практикасы	2	1	2	2	есеп	
2.	Психологиялық-педагогикалық практика	2	2	4	15	есеп	Академиялық кезеңмен қатар
3.	Педагогикалық практика	6	3	5	15	есеп	
4.	Педагогикалық практика	10	4	8	10	есеп	
5.	Диплом алды практика	5	4	8	5	Алдын-ала қорғау	

Күндізгі, қысқартылған

№	Практика түрі	Кредит саны	Курс	Семестр	Апта	Қорытынды	Ескерту
1.	Оқу практикасы	2	1	2	2	есеп	
2.	Психологиялық-педагогикалық практика	2	2	3	15	есеп	Академиялық кезеңмен қатар
3.	Педагогикалық практика	6	2	4	15	есеп	
4.	Педагогикалық практика	10	3	6	10	есеп	
5.	Диплом алды практика	5	3	6	5	Алдын-ала қорғау	

Күндізгі, жеделдетілген

№	Практика түрі	Кредит саны	Курс	Семестр	Апта	Қорытынды	Ескерту
1.	Психологиялық-педагогикалық практика	2	2	3	15	есеп	Академиялық кезеңмен қатар
2.	Педагогикалық практика	3	2	4	15	есеп	
3.	Педагогикалық практика	14	2.5	5	14	есеп	
4.	Диплом алды практика	4	2.5	5	5	Алдын-ала қорғау	

2. КӘСІПТІК ПРАКТИКА ТҮРЛЕРІНІҢ СИПАТТАМАЛАРЫ

2.1 Оқу практикасы

«6B01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша 1 курста 2 апта бойы ұйымдастырылатын оқу практикасы болашақ кәсіптің мәні мен мазмұнын түсінуге мүмкіндік беретін педагогикалық танысу практикасы болып табылады. Оқу практикасы барысында білім беру ұйымдарына (мектеп, балабақша, және т.б.) жіберіледі.

Оқу практикасының мақсаты – білім алушылардың ұстаздық кәсібіне деген тұрақты қызығушылығы мен оң көзқарасын дамыту, студенттердің жалпы мәдени және кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру болып табылады.

Оқу практикасының міндеті:

1. Білім беру ұйымының (мектеп, балабақша, колледж, т.б.) ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен және т.б. жалпы таныстыру;
2. Білім беру деңгейлері бойынша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларымен, түрлерімен (мектеп, лицей, гимназия және т.б.) таныстыру;
3. Педагогтың кәсіби қызметі және міндеттерімен танысу;
4. Білім беру саласындағы құжаттамалармен: «Білім туралы» ҚР Заңы, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта), үлгілік қағидалар, пәндердің оқу бағдарламалары, оқу жоспары, сабақ жоспарымен таныстыру;
5. Білім беру ұйымының мультимәдени ортасында қызмет жасау дағдыларын қалыптастыру.

Оқу нәтижелері:

- «Білім туралы» ҚР Заңы, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт, оқу пәнінің бағдарламасы мен жоспарының құрылымы мен мазмұнын талдайды;
- Орта мектеп мұғалімінің / бастауыш сынып мұғалімі/ мектепке дейінгі білім ұйымының тәрбиешісінің еңбек қызметтерін (оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеушілік, әлеуметтік-коммуникативтік) білім, іскерлік пен дағдылар тұрғысынан талдайды;
- Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын (лауазымдық міндеттер, біліктілікке қойылатын талаптары) талқылайды, заманауи ұстаздың бейнесін жасайды;
- Білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларға сәйкестігін зерттейді;
- Болашақта жұмыс істейтін кәсіпорынның немесе мекеменің жұмыс процесін бағалайды;
- Білім беру ұйымының мультимәдени ортасын қалыптастыруда сынып жетекшісінің/ пән мұғалімінің кәсіби қызметінің ерекшелігін талдап, маңыздылығын болжайды.

2.2 Психологиялық-педагогикалық практика

Психологиялық-педагогикалық практика білім алушылар тұлғасының және ұжымының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу рәсімімен практикалық танысуға, сабаққа (тәрбие іс-шарасына) психологиялық-педагогикалық талдау жүргізу қабілетін қалыптастыруға бағытталады. Студенттер 15 апта бойында педагогикалық және психологиялық тапсырмаларды орындап бағаланады.

Психологиялық-педагогикалық практиканың мақсаты студенттерде білім беру процесін ұйымдастыру және оның жүзеге асуы туралы, психологиялық-педагогикалық қызмет, тұлғаның жеке дамуындағы және білім алушылар ұжымын оқыту мен тәрбиелеуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу туралы тұтас түсінікті, зерттеу құзіреттілігін қалыптастыру болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық практика міндеттері:

1. Мектеп немесе білім беру мекемесінің негізгі жұмыстарымен таныстыру;
2. Сынып жетекшісінің қызметтерін талдау, сынып ұжымымен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру;
3. Сынып ұжымын зерттеу қабілеттерін практикалық дамыту;

4. Сынып сағаттары мен сыныптан тыс шараларды ұйымдастыру үрдісін бақылауға және талдауға үйрету;

5. Сыныпқа, жеке оқушыға мінездеме берудің жолдарын оқып-үйрену.

Оқу нәтижелері:

- Психологиялық бақылау құрылымының негізгі ерекшеліктерін, мұғалімнің педагогикалық процесстің әртүрлі пәндерімен (субъектілерімен) өзара әрекеттесу әдістерін қолданады;

- Ұжымды және жекелеген білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық зерделеу жүргізеді;

- Оқу-тәрбие процесін дидактикалық, психологиялық аспектілерде талдайды және жоспарлайды;

- Сынып жетекшісінің көмекшісі ретінде/куратор сыныпта тәрбие жұмысын жобалайды, ұйымдастырады және өткізеді, нәтижелерін бағалайды, оның кері байланысын жүзеге асырады;

- Білім алушылардың жетістіктерін диагностикалаудың заманауи әдістерін қолданады;

- Білім алушылардың әлеуметтену және кәсіби өзін-өзі анықтау процестеріне педагогикалық қолдау көрсетеді;

- Ұжым мен білім алушының жеке басының психологиялық-педагогикалық мінездемесін құрастырды.

2.3 Педагогикалық практика

Педагогикалық практика студенттерге диагностикалық қызметті жүзеге асыруға, мектепке бейімделуге, коммуникативті мәдениетті қалыптастыруға, ұйымдастырушылық дағдыларды, педагогикалық қарым-қатынас тактикасы мен стратегиясын дамытуға мүмкіндік береді.

Педагогикалық практикадан өту үшін жалпы білім беру (негізгі орта, жалпы орта) мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына жіберіледі.

Педагогикалық практиканың мақсаты (3 курс) – білім беру жүйесінде оқытудың оқу-тәрбие процесін жобалау мен жүзеге асыруға байланысты кәсіби педагогикалық құзыреттіліктерді қалыптастыру, студенттердің әлеуметтік және кәсіби бейімделуіне жағдай жасау, практикалық педагогикалық тәжірибені игерту.

Педагогикалық практиканың міндеттері (3 курс):

1. Студенттерді оқу-тәрбие жұмысын жүргізуге, бастапқы практиканы игеруге дайындау;

2. Сабақ жүргізуде оқыту әдістемесін педагогикалық шеберлікпен қолдануға үйрету;

3. Психологиялық және педагогикалық зерттеу дағдыларын жетілдіру;

4. Оқытудың инновациялық технологияларын тәжірибеден өткізуге мүмкіндік жасау;

5. Білім алушыларға жас және даму ерекшеліктерін ескере отырып оқу және тәрбие жұмысын жүргізуге үйрету;

6. Еңбек ұжымында жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.

Оқу нәтижелері:

- Білім беру мазмұны аясында оқу, тәрбие жұмысын ұйымдастырады;

- Пән мұғалімі және сынып жетекшісі қызметін жүзеге асырады;

- Пәнаралық білімін (педагогика, психология, әдістеме және т. б.) оқу-тәрбие процесінде пайдаланады;

- Кәсіби педагогикалық іс-әрекет нәтижелерін болжайды, өмір бойы білім алуға машықтанады;

- Заманауи ақпараттық ресурстар мен технологияларды пайдалана отырып дидактикалық материалдарды жасайды;

- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасайды;

- Өзін-өзі тәрбиелеу, кәсіби-тұлғалық өзін-өзі дамыту және педагогикалық қабілеттерді (мәнерлеп сөйлеу, дидактикалық және т.б.), сонымен қатар мұғалім тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттерін көрсетеді.

Педагогикалық практиканың мақсаты (4 курс) білім алушылардың нақты қызмет (іс-әрекет) жағдайында кәсіби лауазымын апробациялауға мүмкіндік жасау, яғни оқу-тәрбие үдерісін мен білім беру ортасын жобалау, жүргізу және бағалау саласында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, практикалық біліктері мен дағдыларын дамыту.

Педагогикалық практиканың міндеттері (4 курс):

1. Мектептің ішкі ережесімен, пән мұғалімі мен сынып жетекшісінің қызметтік нұсқауларымен таныстыру;
2. Білім беру мекемесінде оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға жағдай жасау;
3. Психологиялық және педагогикалық зерттеу дағдыларын жетілдіру;
4. Оқытудың инновациялық технологияларын, заманауи оқыту стратегияларын тәжірибеден өткізуге мүмкіндік жасау;
5. Білім алушыларға жас және даму ерекшеліктерін ескере отырып оқу және тәрбие жұмысын жүргізу дағдыларын дамыту;
6. Еңбек ұжымында жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру.

Оқу нәтижелері:

- оқытудың инновациялық тәсілдері мен заманауи оқыту стратегияларын (сыни тұрғыдан ойлау, функционалдық сауаттылық, критериалды бағалау, бірлескен оқыту), инновациялық білім беру технологияларын (жеке тұлғаға бағытталған, интерактивті, АКТ, смарт және STEM оқыту және т.б.) қолданады;
- Білім берудегі менеджер қызметін атқару (жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру, педагогикалық қызметтің нәтижелерін бақылау және бағалау);
- Оқытудың стратегиялары мен жоспарын әзірлейді, оқытудың заманауи технологияларын таңдайды және пайдаланады, сабақтардың ұтымды құрылымы мен мазмұнын құрастырады, оқу бағдарламаларын бағалайды және жетілдіреді;
- Электронды сынып журналымен, оқушылардың/тәрбиеленушілердің күнделіктерімен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын көрсетеді;
- Бөлім бойынша жиынтық бағалауды (БЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалауды (ТЖБ) өткізу, цифрлық білім беру ресурстарын (ЦБР) пайдалану, сабақтың қысқа мерзімді жоспарларын (ҚМЖ) дайындау әдістемесін тәжірибеден өткізеді;
- Жалпыадамзаттық дәстүрлі құндылықтар негізінде тәрбие іс-шараларын өткізеді;
- білім алушылармен/тәрбиеленушілермен кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырады;
- зерттеу мәдениетін қалыптастыруға және білім алушылармен жобалық әрекетті дамытуға катысады;
- заңнамалық, нормативтік-құқықтық және ғылыми-әдістемелік құжаттарды талдайды және тәжірибеге енгізеді;
- білім беру процесінің барлық қатысушыларымен (білім алушылармен, әріптестермен және ата-аналармен) кәсіби қарым-қатынас жасау дағдыларын көрсетеді;
- өзін-өзі адекватты бағалайды және кәсіби рефлексиялық қабілеттерін көрсетеді;
- мұғалімнің табысты кәсіби қызметінің құндылықтық және мотивациялық бағыттарын талдайды.

2.4 Дипломалды практика

Дипломалды практика дипломдық жұмысты (жобаны) жазудың аяқталуы болып табылады. Ұзақтығы - 5 апта. Дипломалды практика базалары диплом жұмысының тақырыбына сәйкес анықталады және оны дипломдық жұмыс жетекшісі жүзеге асырады.

Диплом алды практиканың мақсаты – теория жүзінде алынған білім және дағдыларды жүзеге асыру, оқу үдерісі уақытында алынған және де таңдалынған ғылыми мәселе бойынша зерттеулерді практика жүзінде тексеруден өткізу, дипломдық жұмыстың қорытындысын шығару.

Диплом алды практиканың міндеттері:

1. Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бойынша практикалық материалдарды жинақтау, өңдеу және жалпылау;

2. Дипломдық зерттеудің тақырыбы бойынша статистикалық мәліметтер мен практикалық материалдарды талдау;

3. Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бойынша қорытындыны, заңдылықтарды, кепілдемелер мен ұсыныстарды тұжырымдау;

4. Дипломдық жұмысты (жобаны) білгіленген талаптарға сәйкес рәсімдеу.

Оқу нәтижелері:

- Дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбы бойынша әдістемелерді және алғашқы мәліметтерді жинақтайды;

- Дипломдық жұмысты (жобаны) тақырыбы бойынша теориялық материалдарды талдайды;

- Зерттеу тақырыбы бойынша диагностикалық, дидактикалық, практикалық материалдарды және статистикалық мәліметтерді жүйелі рәсімдейді;

- Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бойынша зерттеудің нәтижелерін және соңғы шешімін шығарады;

- Дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбы бойынша қорытындылар мен ұсыныстарды тұжырымдайды.

3. КӘСІПТІК ПРАКТИКАҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Білім алушы (практикант):

- Орнықтыру және қорытынды конференцияға қатысады;

- Практика базасының ішкі тәртібіне бағынып, мекеме әкімшілігі мен практика жетекшісінің талабын орындайды;

- Кәсіптік практика жұмыс жоспар-кестесіне сәйкес тапсырмаларды уақытылы орындайды;

- Тиісті оқу-әдістемелік құжаттарын уақытында дайындап отырады (күнделік, жеке жоспар, сабақ жоспарлары, т.б.);

- Кәсіптік практика түрлері бойынша талап етілетін құжаттарды практика жетекшісіне белгілінген мерзімде тапсырады;

- Кәсіптік практика жұмыс жоспар-кестесіне сәйкес жұмыстарды жүргізеді.

Практика жетекшісі:

- Кәсіптік практика бағдарламасын, жұмыс жоспар-кестесін және әдістемелік нұсқаулық әзірлеуге қатысады;

- Практика басталардан бір ай бұрын білім алушылардың кәсіптік практикадан өтетін орнын анықтайды, практика өткізу туралы келісім шарт жасайды, практикадан өтуші білім алушылардың тізімін жасайды;

- Студенттерге бастапқы нұсқау береді, қорытынды конференциясын өткізеді және қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау ережелерімен таныстырады;

- Практика басталғанға дейін студенттерді тиісті құжаттармен (әдістемелік нұсқаулық, практика күнделігі) қамтамасыз етеді, бағалауға қойылатын талаптарды және есеп беру формасын айқындайды;

- Практиканың бірінші күнінде практикадан өту базасы әкімшілігінің студенттермен кездесуін ұйымдастырады;

- Студенттерге еңбек жағдайының ұйымдастырылуын, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалардың өткізілуін тексеруді жүзеге асырады;

- Практика базасы әкімшілігімен бірге студенттерді сыныптарға/топтарға/бөлімдерге бөледі және практика базасынан тағайындалған жетекшілермен таныстырады;

- Студенттердің жеке жұмыс жоспары бойынша тапсырмалардың орындалуын қадағалайды, күнделіктерін тексереді;

- Студенттерге кәсіптік практика күнделігін жүргізуге, күнделікті ҚМЖ және дидактикалық материалдарды дайындауға (педагогикалық практикаға қатысты), жұмыс жоспар-кестесіне сәйкес тапсырмаларды орындауға көмектеседі;

- Студенттердің практикадан өтуін, практика базасының ішкі еңбек тәртібі ережелерін сақтауын қадағалайды;

- Практика бағдарламасына сәйкес студенттердің практиканы сапалы өткізуін қамтамасыз етеді;

- Студенттерге практикадан өтуге байланысты барлық мәселелер бойынша кеңес береді және студенттерге жеке тапсырмаларды орындау және материалдарды жинау кезінде әдістемелік көмек көрсетеді;

- Студенттер өткізетін сабақтар мен тәрбиелік іс-шаралардың графигін құрады (педагогикалық практикаға қатысты);

- Студенттер өткізетін сабақтарға, сабақтан тыс, тәрбиелік іс-шараларға қатысады; оларды талдауға басшылық жасайды, талдау қорытындысын шығарады, әр сабаққа немесе сабақтан тыс іс-шараға белгі қояды (педагогикалық практикаға қатысты);

- Студенттердің практика бойынша қорытынды есептеріне баға қойып, олардың жұмысы туралы пікірлер береді;

- Педагогикалық практика бойынша педагог әдіскер және психолог әдіскермен бірлесіп ортақ баға қояды;

- Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша жеке тапсырмаларды орындауын қадағалайды;

- Практиканы өткізу және оның қорытындылары туралы жазбаша есепті, оны жетілдіру бойынша ескертулер мен ұсыныстарды бірге ұсынады;

- Кафедра меңгерушісі, деканды практика барысы бойынша хабардар етеді.

Психолог әдіскер:

- Жекелеген оқушылар мен оқушылар ұжымын психологиялық жағынан зерттеу бойынша тапсырмалар әзірлейді;

- Практикадан өтуші білім алушылардың сабақтары мен сыныптан тыс өткізілген іс-шараларына қатысады және талдау жасайды;

- Жекелеген оқушы мен оқушылар ұжымын зерттеудегі студенттер жұмысына жетекшілік жасайды, социометрия әдісі бойынша кеңес өткізеді, сондай-ақ білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша тапсырмаларды орындауына көмек береді;

- Педагогикалық практика бойынша өткізілген орнықтыру және қортындылау конференцияларына, оқу-тәрбие беру мекемелерінің жетекшілері өткізген кеңестерге қатысады, практика бойынша сынақтайды және жалпы бағасын қояды;

- Білім алушылардың практика кезеңіне арналған жұмыстарды орындауына бақылау жасайды.

Педагог әдіскер:

- Білім алушылардың педагогикалық практикасына әдістемелік жағынан жетекшілік жасайды, оқытады, тәрбиелейді, кәсіптік бағдар берудің өзекті мәселелері бойынша кеңес береді;

- Сынып жетекшісімен бірлесіп практикадан өтуші білім алушылардың оқушылармен жүргізетін тәрбие жұмысын жоспарлайды, тапсырмалардың орындалуы үшін кеңес береді;

- Білім алушылардың ашық тәрбиелік іс-шаралар, сыныптан тыс сабақтар өткізеді, білім алушылардың сабақ жоспарын дайындауына және өткізуіне көмек береді, өткізілген сабақтарға талдау жасайды;

- Білім алушылардың педагогикалық шеберлік негіздерін меңгереді, білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша тапсырмаларды орындауына көмек береді;

- Білім алушылардың практика кезеңіне арналған жұмыстарды орындауына бақылау жасайды;

- Педагогикалық практика бойынша орнықтыру және қорытындылау конференцияларына, оқу-тәрбие беру мекемелерінде жетекшілер өткізген кеңестерге міндетті түрде қатысады;

- Практика бойынша сынақтайды және жалпы бағасын қояды;

- Практика бойынша есеп жазады және практика жетекшісіне өткізеді.

Практика базасының жетекшісі (директор, басшы) немесе орынбасары:

- Жасалған шарт негізінде студенттердің кәсіптік практикасын ұйымдастырады және өткізеді;

- Университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес кәсіптік практиканы ұйымдастыру кестесін сақтайды;

- Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша міндетті нұсқамалар өткізеді;

- Студенттердің ішкі тәртібі ережелерін сақтауын қамтамасыз етеді;

- Педагогикалық практиканың бірінші күнінде студенттерді қарсы алады, оларды практика базасының құрылымымен, міндеттерімен, дәстүрлерімен, оқу-тәрбие жұмысымен, мұғалімдер/қызметкерлер құрамымен, ұйымының құжаттамасымен, оқу-материалдық базасымен, педагогикалық кеңестің, әдістемелік бірлестіктердің, ата-аналар комитетінің жұмысымен таныстырады;

- Практика мазмұнына байланысты практикадан өту кезінде студенттерің білім алуы үшін қажетті жағдайлар жасайды, студенттерге білім беру мекемесінің материалдық-техникалық базасын пайдалануға мүмкіндік береді;

- Тәлімгер (практика базасынан тағайындалған жетекші/ментор) және университеттен бекітілген практика жетекшісімен бірлесіп студенттерді сыныптар/топтарға/бөлімдерге бөледі;

- Студенттердің сабақтарына/ сабақтан тыс шараларына/ жұмыстарына қатысып талқылайды, бағалауға қатысады;

- Студенттердің ғылыми-педагогикалық/ ғылыми зерттеулер жүргізуіне атсалысады;

- Практикаға жетекшілік үшін төлемақы төлеуге регламенттелген құжаттарды уақытылы ұсынады.

Тәлімгерлер (практика базасынан тағайындалған жетекші/ментор):

Пән мұғалімі:

- Өзіне бекітілген студенттерді пән бойынша өзінің оқу (білім беру) жұмысының жоспарымен таныстырады, ашық сабақтар мен сабақтан тыс іс-шаралар өткізеді, оларды талқылауды ұйымдастырады;

- Студенттерге пән бойынша сабақтар мен сабақтан тыс жұмыстарды жоспарлау, дайындау және өткізуде әдістемелік көмек көрсетеді, оқытудың заманауи формаларын мен әдістерін қолдануға ерекше көңіл бөледі;

- Сабаққа дайындық кезінде материалдарды таңдауға көмектеседі;

- Студенттердің оқу сабақтарын ұйымдастырудың әртүрлі формаларын (бейне-сабақтар, семинарлар, зертханалық жұмыстар, экскурсиялар, конференциялар), оқытудың тиімді әдістерін (іскерлік ойындар, пікір алмасу, оқытудың техникалық құралдарын, компьютерлерді, Интернет желісін, демонстрациялық тәжірибиелерін пайдалану) қолдануға ықпал етеді;

- Студенттер сабақты (іс-шараны) өткізер алдында оның қысқа мерзімді жоспарын тексеріп, қол қояды (тексерілген және бекітілген жоспарсыз студент сабаққа жіберілмейді);

- Студенттер өткізетін сыныптан тыс және мектептен тыс іс-шараларға қатысады, оларды талқылауға қатысады;

- Студенттерге зерттеу сипатындағы өзіндік шығармашылық жұмыстарды орындауға көмек көрсетеді;

- Студенттердің қызметіне сипаттама береді және олардың оқу жұмысына баға береді;

- Педагогикалық практика бойынша қорытынды конференцияға қатысады.

Сынып жетекшісі:

- Білім алушы-практикантқа сынып оқушылары, олардың оқу үлгерімі, сабаққа қатысуы, мінез-құлқы туралы мәлімет беріп, тәрбие жұмысындағы негізгі міндеттермен, өз жұмыс жоспарымен таныстырады;

- Тәрбие жұмысының жоспарын жасауға көмектесіп, оны бекітеді және тәрбие жұмысының орындалуын қадағалап, ақыл-кеңес береді;
- Білім алушы-практикант ұйымдастырған мәдени шараларға қатысып, оған талдау жасайды, бағалайды;
- Студенттердің қызметіне сипаттама береді және олардың тәрбие жұмысына баға береді;
- Педагогикалық практиканың аяқталуына байланысты болатын педагогикалық кеңес пен конференцияға қатысады.

4. КӘСІПТІК ПРАКТИКА БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Мерзімі	Іс-әрекет мазмұны	Ұйымдастыру әдістері
1. Оқу практикасы		
1-ші апта		
Дүйсенбі	1. Оқу практикасының орнықтыру конференциясына қатысу; 2. Оқу практикасының жұмыс жоспар-кестесімен танысу; 3. «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында эссе жазу және талқылау (Тапсырма 1).	Конференция, әңгімелесу
Сейсенбі	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын талдау (Тапсырма 2).	Талдау
Сәрсенбі	1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру стандартымен танысу, негізгі ережелерді талдау; 2. Білім беру ұйымдары қызметі және түрлерімен танысып, талдау жұмысын жасау (Тапсырма 3).	Талдау, әңгімелесу
Бейсенбі	Оқу бағдарламалары, оқу жоспарлары және сабақ жоспарының (ұзақ мерзімді жоспар, орта мерзімді жоспар, қысқа мерзімді жоспар) құрылымы мен мазмұнын талдау (Тапсырма 4).	Талдау
Жұма	1. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын (лауазымдық міндеттер, біліктілікке қойылатын талаптары) талқылау; 2. Пән мұғалімінің еңбек қызметтерін (оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеушілік, әлеуметтік-коммуникативтік) білім, іскерлік пен дағдылар тұрғысынан талдау (Тапсырма 5).	Талдау, талқылау
2-ші апта		
Дүйсенбі	1. Білім беру ұйымына экскурсия «Менің мектептегі алғашқы педагогикалық қадамым». 2. Білім беру ұйымының құрылымымен, әкімшілігімен танысу; 3. Білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережелерімен танысу (Тапсырма 6).	Танысу
Сейсенбі	1. Білім беру ұйымына экскурсия «Мектеп студент көзімен». 2. Педагогпен сұқпаттасу (Тапсырма 7).	Сұқпаттасу
Сәрсенбі	1. Білім беру ұйымына экскурсия «Ұстаз – шебер, ұстаз - ғұмыр» 2. Педагогтың лауазымдық нұсқаулықтарын талдау; 3. Білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларға сәйкестігін зерттеу; 4. Эссе жазу: «Кәсіби қызметтегі заманауи маманға қажетті қасиеттер» (Тапсырма 8).	Зерттеу
Бейсенбі	1. Рефлексия жазу (оқу практикасынан алған әсерлер,	Дайындау

	жұмыстар жайлы пікір) 2. «Мектеп өмірінің бір күні» тақырыбында видео/ фото есеп дайындау (Тапсырма 9).	
Жұма	1. Қорытынды конференцияға қатысу; 2. Оқу практикасы бойынша есеп қорғау.	Қорғау
2. Психологиялық-педагогикалық практика		
1-апта	Практика базасы (мектеп, орталық, т.б.) жұмысының міндеттері және негізгі бағыттарымен танысу. - Мектеп директоры, орынбасарлары және оқу жұмысымен танысу; - Мектептің ішкі тәрбімен танысу; - Практика базасы туралы мәлімет жинақтау, талдау; - Сынып жетекшісімен танысу, әңгімелесу; - Сыныптың жеке құжаттарымен танысу; - Сыныптың жеке құжаттарын талдау (Тапсырма 1).	Танысу, талдау
2-апта	Мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару жүйесімен танысу. - Мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару ережесімен танысу; - Өзін-өзі басқару жүйесінің сызбасын түсіру (Тапсырма 2).	Сызба жасау
3-апта	Сынып ұжымын зерттеу. - Сынып ұжымының құрылымын анықтау; - Сыныптағы дарынды және қиын балаларды анықтау, зерттеу (Тапсырма 3).	Зерттеу
4-апта	Сынып ұжымын зерттеу. - Сынып оқушылары мен сынып жетекшісінің өзара қарым-қатынасын бақылау; - Әртүрлі әдістемелер арқылы сыныпты зерттеу; - Сынып ұжымы туралы толық мінездеме құрастыру (Тапсырма 3).	Бақылау, зерттеу
5-апта	Оқушылардың оқу мотивациясын зерттеу. Бақылау және талдау нәтижелерін қорытындылау (Тапсырма 4).	Зерттеу, қорытындылау
6-апта	Сынып сағаттарына қатысу және ұйымдастыру. - Сынып жетекшісінің жоспарымен танысу; - Сынып сағаттарын ұйымдастыру (жоспарлау, өткізу); - Сынып сағаттарына қатысу (Тапсырма 5).	Жоспарлау, қатысу
7-апта	Сынып сағаттарына қатысу және ұйымдастыру. - Сынып сағаттарын ұйымдастыру; - Сынып сағаттарына қатысу (Тапсырма 5).	Ұйымдастыру, жоспарлау
8-апта	«Мектеп оқушының көзімен» тақырыбында бақылау жүргізу (бір оқушыны алып серуен жасайды), нәтижелерді талдау және қорытынды жасау (Тапсырма 6).	Бақылау, қорытындылау
9-апта	Бөлінген сыныпқа «Социометрия» әдісімен зерттеу жүргізу (Тапсырма 7).	Зерттеу
10-апта	«Социометрия» әдісімен жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелерін талдау және қорытынды жасау (Тапсырма 7).	Талдау, қорытындылау
11-апта	Отбасы әдістемесі бойынша сауалнама жүргізу	Зерттеу
12-апта	Отбасы әдістемесі бойынша алынған сауалнама нәтижелерін талдау және қорытындылау	Қорытындылау
13-апта	Бөлінген сыныпта жүргізілген социометриялық зерттеу нәтижесі бойынша сынып оқушыларымен «Ұйымдастыру әдісін» (Шаттық шеңбері) қолдану (Тапсырма 8).	Қолдану
14-апта	1. Бөлінген сыныпта жүргізілген социометриялық зерттеу нәтижесі бойынша лидер мен аутсайдерге мінездемені күнделікке жазу (Тапсырма 9).	Мінездеме жазу

	2. Сыныпқа мінездемені күнделікке жазу (Тапсырма 10).	
15-апта	1. Рефлексия жазу (Тапсырма 11). 2. Есептік құжаттарды дайындау (хаттамалар), орындалған жұмыстарды қорғау.	Рефлексия, қорғау
3. Педагогикалық практика (3 курс)		
1-апта	1. Мектеппен және оның тыныс тіршілігімен, оқу-тәрбие жұмысымен танысу; 2. Бекітілген сынып жетекшісімен, оқушылармен танысып, сабақ кестесін анықтау, оқу кабинет танысу; 3. Практика кезеңіне өзінің оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау (мұғаліммен және сынып жетекшісімен бірге).	Кездесу, әңгіме-сұхбат, танысу
2-апта	1. Білікті мұғалімдердің сабағына қатысу; 2. Бекітілген сынып жетекшісінің жылдық жұмыс жоспарларымен танысу; 3. Бекітілген сыныптардың сабақ кестесі бойынша сабақтарына ену (Тапсырма 9).	Сынып жетекшісімен әңгімелесу, сабақтарға қатысу
3-апта	1. Білікті мұғалімдердің сабағына қатысу және талдау (Тапсырма 9); 2. Мектеп кітапханасының жұмысымен танысу; 3. Сынып сағатын ұйымдастыру және өткізу; 4. Электронды журнал жүйесін қолданудың нұсқаулықтарымен танысу және оны жүргізу.	Сабаққа қатысу, әңгімелесу, сынып сағатын өткізу
4-апта	1. Бір оқушының танымдық процестерінің ерекшеліктерін анықтауда Мюнстерберг, Шульте әдістемесі бойынша зейінді бағалау (Тапсырма 1); 2. Мектептегі жиынтық бағалаудың мазмұны және ұйымдастыру тәртібімен танысу; 3. Сабақ кестесі бойынша сабақ өту (Тапсырма 9).	Зерттеу, ҚМЖ құрастыру
5-апта	1. Практика базасынан тағайындалған практика жетекшісінің бақылауымен сынып сағатын өткізу (Тапсырма 7); 2. Білікті мұғалімдердің сабағына қатысу және талдау (Тапсырма 9); 3. Кабинетпен жұмыс (көрнекі құралдарды дайындау және жөндеу және т.б.) жүргізу; 4. Ашық тәрбие сағатын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу (Тапсырма 5).	Кабинетпен жұмыс, сабаққа қатысу
6-апта	1. Сабақ кестесі бойынша сабақ өту (Тапсырма 9); 2. Студент – практиканттардың сабақтарына қатысу және талдау (Тапсырма 10); 3. Бір оқушының Ассоциативтік ес көлемін анықтау (Тапсырма 2).	ҚМЖ құрастыру, өзара сабаққа қатысу, зерттеу
7-апта	1. Сабақ кестесі бойынша сабақ өту; 2. Сынып жетекшісі ретінде оқушылармен сынып сағаттарын өткізу (Тапсырма 7); 3. Сабақ жоспарлауда заманауи педагогикалық технологияларды тиімді қолдану (Тапсырма 6).	Сабақ және тәрбие сағатын өту
8-апта	1. Электронды журнал жүйесімен жұмыс жүргізу; 2. Студент – практиканттардың сабақтарына қатысу және талдау (Тапсырма 9); 3. Мектептегі жиынтық бағалаудың мазмұны және ұйымдастыру тәртібімен танысу.	сабақтың талдау парағын рәсімдеу, БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын құрастыру
9-апта	1. Әдіскерлер мен мұғалімдерден оқу-тәрбие жұмысы	Кеңес алу,

	бойынша кеңес алу; 2. Дарынды оқушылармен жұмыс жүргізу; 3. Мектептің әдістемелік және зерттеу жұмыстарына қатысу.	зерттеу жүргізу
10-апта	1. Сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерінің әдістемелік семинарлары мен мәжілістеріне қатысу; 2. Бір оқушының интеллектісінің даму деңгейін диагностикалауда ойлауын («Штур») бағалау (Тапсырма 3); 3. Сабақ кестесі бойынша сабақ өту (Тапсырма 10); 4. Пән бойынша ашық сабақты жоспарлау және өткізу (видеоға түсіру) (Тапсырма 8).	Психологиялық зерттеу, сабақ өту
11-апта	1. BilimLand.kz білім беру электрондық порталымен жұмыс істеуді үйрену; 2. Сабақ кестесі бойынша сабақ өту (Тапсырма 10); 3. Бір оқушының танымдық процестерінің (зейін, қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиял, түйсік) ерекшеліктерін анықтау (Тапсырма 4).	Психологиялық зерттеу, сабақ өту
12-апта	1. Сабақ кестесі бойынша сабақ өту; 2. Сынып жетекшісі ретінде сынып сағатын ұйымдастыру және өткізу (Тапсырма 7); 3. Ашық (бақылау) сабақты жоспарлау, заманауи педагогикалық технологияларды тиімді қолдану (Тапсырма 6, 8); 4. Бір оқушыға психологиялық мінездеме жазу (Тапсырма 1).	Сынып сағатын өткізу; ашық тәрбие сағатын өткізу
